«ШЕТ АУДАНЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ГОСУДАРСТВЕННЫХ АКТИВОВ И ЗАКУПОК ШЕТСКОГО РАЙОНА»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

03.12.2019 ж. село Аксу-Аюлы

№ 71 Аксу-Аюлы ауылы

Ақшатау кенттік мәдениет үйінің төбесіне күрделі жөндеу жұмыстарына техникалық бақылау жүргізу қызметтері бойынша мемлекеттік сатып алуды электрондық конкурс арқылы ұйымдастыру және өткізу туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 648 бұйрығына, 2018 жылғы 29 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін анықтау туралы» №1127 бұйрығына және 2019 жылдың 03 желтоқсанындағы «Абылдаев Медетті жұмыстан босату туралы» №191 бұйрығына сәйкес, «Ақшатау кенттік мәдениет үйінің төбесіне күрделі жөндеу жұмыстарына техникалық бақылау жүргізу қызметтері» бойынша ашық конкурс тәсілімен электронды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Келесі құрамда конкурстық комиссия бекітілсін:

1)) М.С.Мұхтаров – Шет ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;

2) А.С. Тоқбалин – «Шет ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы, конкурстық комиссия мүшесі.

3) А.Ахметжанова – Шет ауданы әкімдігі Шет ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Шет аудандық мәдени-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының директоры (келісім бойынша);

4) М.Т.Болкенбаева– Шет ауданы әкімдігі Шет ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Шет аудандық мәдени-сауық орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының маманы, конкурстық комиссия мүшесі (келісім бойынша);

5) Д.И.Ахметжанов - Шет ауданы әкімдігі Шет ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Шет аудандық мәдени-сауық орталығы" коммуналдық

мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының маманы, конкурстық комиссия мүшесі (келісім бойынша);

6) А.А.Жақыпбеков - «Шет ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманының м.а конкурстық комиссияның хатшысы ретінде белгіленсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Шет ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімінің басшысы **А.Токбалин**

А.Жақыпбеков
8/71031/21839